

### Список использованной литературы

1. Корнилова Т.Б. Критическое мышление // Руководство для учителя. Четвертое издание. - НИС, 2015. - 185 р.
2. Манвелов С.Г. Построение современного урока биологии. - 2-е изд. - М.: Просвещение, 2015. - 175 с.: ил.
3. Стефанова Н.Л. Методология и технология преподавания биологии: курс лекций: пособие для вузов. - М.: Дрофа, 2016. - 416 с., Илл.
4. Бруновт, Е.П. Самостоятельная работа студентов по биологии. Е - М.: Образование, 2014. - 253 с.
5. Каменский А.А. Биология - М.: ЭКСМО, 2013. - 640 с.
6. Якунчева М.А. Методика преподавания биологии: учебник для студентов. высшее образование. Учреждения. - М.: Академия, 2016. - 320 с.

### МРНТИ 34.33.33

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУРУШАҢДЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ СЕБЕПТЕРІН ТАЛДАУ

**Ж.Ж. КУКЕНОВ**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан*

**Андатпа.** Өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайы ұлттың, тұтастай елдің денсаулығын қамтып көрсетеді, халықтың ұзақ өмір сүруін болжауға мүмкіндік береді, ол тек биологиялық қана емес сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді сипаттайтындықтан бүкіл әлемдегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мектеп жасындағы балалар аурулары ішінен алғашқы орындарды тыныс алу органдары, неврологиялық, эндокринологиялық, көз және оның қосалқы аппаратының, ас қорыту органдарының, аллергиялық аурулар, сколиоз секілді ауру түрлері алады. Бұл аурулармен күрес мақсатында көптеген скринингтер, профилактикалық тексерістер жүргізіліп, өз оң нәтижелерін бергенімен, бала денсаулығын сақтау - қазіргі кездегі ең басты проблемалардың бірі.

Осы себептерге байланысты мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау, ауруларды алдын алу шараларын үлкен, өзекті мәселе ретінде қарастыруымыз керек.

**Кілт сөздер:** неврология, эндокринология, аллергия, сколиоз

**Аннотация.** Состояние здоровья подрастающего поколения отражает здоровье нации, страны в целом, позволяет прогнозировать долголетие населения, что является одним из самых актуальных вопросов во всем мире, поскольку характеризует не только биологические, но и социально-экономические вопросы.

Среди заболеваний детей школьного возраста первые места занимают такие заболевания, как органы дыхания, неврологические, эндокринологические, глазные и вспомогательные аппараты, органов пищеварения, аллергические заболевания, сколиоз. Несмотря на то, что в целях борьбы с этими заболеваниями проводится

множество скринингов, профилактических осмотров и дает свои положительные результаты, охрана здоровья ребенка - одна из главных проблем в настоящее время.

По этим причинам необходимо рассматривать меры по охране здоровья детей школьного возраста, профилактике заболеваний как серьезную, актуальную.

**Ключевые слова:** neurology, endocrinology, Allergy, scoliosis

**Annotation.** The health status of the younger generation reflects the health of the nation, the country as a whole, allows us to predict the longevity of the population, which is one of the most pressing issues in the world, since it characterizes not only biological, but also socio-economic issues.

Among the diseases of school-age children, the first places are occupied by such diseases as respiratory, neurological, endocrinological, ocular and auxiliary devices, digestive organs, allergic diseases, scoliosis. Despite the fact that in order to combat these diseases, many screenings, preventive examinations are carried out and give positive results, protecting the health of the child is one of the main problems at the present time.

For these reasons, it is necessary to consider measures to protect the health of schoolchildren and prevent diseases as serious and relevant.


**Keywords:** neurology, endocrinology, Allergy, scoliosis

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің хабарлауы бойынша балалар мен жасөспірімдерінің 24% дені сау, 40% -дан астамында түрлі функционалдық ауытқулар кездесе, 35- 40% -да созылмалы ауруларға шалдыққан. Осы себептерге байланысты мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау, ауруларды алдын алу шараларын үлкен, өзекті мәселе ретінде қарастыруымыз керек [1].

Аурушандық – қоғам денсаулығының жетекші көрсеткіші. Аурушандық көрсеткіштері халық денсаулығын анықтап, проблемалық жағдайларды анықтауға мүмкіндік беріп, медициналық көмек беруді дұрыс жоспарлауға, қажетті емдеу- профилактикалық нысандарды ашуға, кадрларды даярлау және орналастыруды, қажет профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сырқаттанушылықтың динамикасы халық денсаулығын қорғау және жақсарту үшін нақты мемлекеттік, өңірлік деңгейлердегі бағдарламалардың тиімділігін көрсетіп, одан әрі дамыту жолдарын анықтауға жағдай жасайды[2].

Балалардың аурушандығы 3 ақпарат көздері бойынша анықталады: 1) медициналық мекемелер көмегіне жүгіну материалдары негізінде; 2) медициналық тексерулердің нәтижелеріне; 3) балалардың өлім себептері туралы мәліметтер негізінде.

Балалардың денсаулық жағдайларын 4 топқа жіктеуге болады.



Сурет 1– Балалардың денсаулық топтары

Бірінші топ – дені сау балалар. Дене бітімінің дамуы дұрыс, негізгі ағзалар мен жүйелердің қызметі қалыпты жағдайдағы балалар мен жасөспірімдер. Яғни бұл топқа жататын балалардың созылмалы аурулары жоқ, ешқашан ауырмаған немесе бақылау мерзімінде жеңіл аурулармен науқастанып, тез жазылған, дене бітімі мен психикалық дамуы өзінің жасына сәйкес, үйлесімді жағдайдағы балалар. Екінші топ - дені сау, бірақ функциялық немесе кейбір морфологиялық ауытқулары бар, сонымен қатар жіті және созылмалы ауруларға бейім балалар. Бұл созылмалы аурулары жоқ, бірақ жиі (жылына 4 реттен көп) және ұзақ (аурумен 25 күннен көп) ауырған балалар. Үшінші топ – созылмалы аурулары бар балалар, компенсациялық сатыда, организмнің функциялық мүмкіндіктері сақталған балалар мен жасөспірімдер. Яғни созылмалы аурулары немесе туа біткен патологиялық ауытқуларының қабынулары сирек болатын және жеңіл өтетін, жалпы денсаулық жағдайы қанағаттанарлық дәрежедегі балалар. Төртінші топ – созылмалы аурулары субкомпенсация жағдайдағы, ағза функцияларының мүмкіндіктері төмендеген балалар мен жасөспірімдер. Бұл созылмалы аурулары мен туа біткен дамудағы ауытқуларының қабыну, асқынулары жиі болып тұратындықтан денсаулық жағдайлары нашарлаған, жіті аурудан жазылу уақыты (реконволесценция) ұзақ болатын балалар [3,9].


Зерттеудің мақсаты: Ақтөбе қаласы мектеп оқушыларының бейім ауру түрлерін анықтап және алдын алу мен денсаулық жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар жүйесін жасау.

Материалдар мен әдістер. Аурушаңдық бойынша статистикалық мәліметтерді талдау, антропометрия, соматоскопия, физиометрия.

Нәтижелері мен талқылау. Ақтөбе қаласының мектеп оқушыларының аурушаңдығын

анықтау мақсатымен Республикалық денсаулық сақтау орталығының Ақтөбе облысы филиалынан 2016- 2018 жылдардағы медициналық байқауларының мәліметтерді талдай келе Ақтөбе қаласы оқушылары арасында тыныс алу органдарының аурулары, асқорыту органдарының аурулары,аллергиялық аурулар, көз бен оның қосалқы аппараттарының аурулары, неврологиялық аурулар, эндокринологиялық аурулар, анемия мен сколиоз жиі кездесіп, аурулардың жылдан жылға көрсеткіштерінің өсуін анықтадық. Аталған аурулардың соңғы 3 жылдағы көрсеткіштері жоғары екендігі көрсетілді.


Соңғы 3 жылдың мәліметтерін талдай келе 6-14 жастағы балаларда 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы тыныс алу органдарының аурулары 3,7%, асқорыту органдарының аурулары 15,6%, көз бен оның қосалқы аппараттарының аурулары 8,8%, неврологиялық аурулар 1,4%, эндокринологиялық аурулар 1,2%, анемия 2,6% өскен. Ал аллергиялық аурулар 44%, сколиоз 7,1% кеміген. 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы тыныс алу органдарының аурулары 4%, асқорыту органдарының аурулары 3%, аллергиялық аурулар 110%, көз бен оның қосалқы аппараттарының аурулары 16,7%, неврологиялық аурулар 5%, эндокринологиялық аурулар 2,1%, анемия 2,5% өскен. Ал сколиоз 2,5% кеміген.



Сурет 2 - Ақтөбе қаласы 2016-2018 жылдар аралығында 6-14 жастағы балаларда жиі кездесетін аурулар тізімі

Берілген кестедегі мәліметтерді талдай келе мынадай тұжырымдама жасадық, Ақтөбе қаласы 6-14 жастағы балаларда тыныс алу органдары, асқорыту органдары, көз және оның қосалқы аппаратының аурулары, анемия, неврологиялық және эндокринологиялық аурулардың айқын өсімі байқалады. Ал 3 жылдың көрсеткіштері бойынша сколиоз салыстырмалы түрде тұрақты.

Соңғы 3 жылдың мәліметтерін талдай келе 15-17 жастағы жасөспірімдерде 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы тыныс алу органдарының аурулары 3,7%, асқорыту органдарының аурулары 2,1%, аллергиялық аурулар 2,3%, көз бен оның қосалқы аппараттарының аурулары 8,8%, неврологиялық аурулар 1,4%, анемия 1%, сколиоз 5,6% өскен. Ал эндокринологиялық аурулар 3,7%, кеміген. 2017 жылмен салыстырғанда 2018 асқорыту органдарының аурулары 1,6%, аллергиялық аурулар 5%, көз бен оның қосалқы аппараттарының аурулары 1,7%, неврологиялық аурулар 5,2%, эндокринологиялық аурулар 7,2% өскен. Ал тыныс алу органдарының аурулары 1,8%, анемия 0,8% сколиоз 7,1% кеміген.



Сурет 3 - Ақтөбе қаласы 2016-2018 жылдар аралығында 15-17 жастағы жасөспірімдерде жиі кездесетін аурулар тізімі

Берілген кестедегі мәліметтерді талдай келе мынадай тұжырымдама жасадық, Ақтөбе қаласы 15-17 жастағы жасөспірімдерде тыныс алу органдары, асқорыту органдары, көз және оның қосалқы аппаратының аурулары, анемия, неврологиялық және эндокринологиялық

аурулардың айқын өсімі байқалады. Ал 3 жылдың көрсеткіштері бойынша сколиоз салыстырмалы түрде тұрақты.

Қорытынды. Мектеп оқушыларының денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында ұсыныстар:

1.Салауатты өмір салтын ұстану

2.Сәйкестендірілген тамақтану

3.Мектеп жанындағы спорттық үйірмелер санын көбейтіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру

4.Мектеп оқушыларына денсаулықты сақтау, жақсарту, нығайту бойынша дөңгелек үстелдер, конференциялар, дебаттар, спорттық шаралар, сонымен қоса тәрбие сағаттарын жүргізу.

Салауатты өмір салты – денсаулықты сақтау, нығайту, қалпына келтіру, жақсы өмір сүру салты мен тәртібі [5,8].

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл: біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру, екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу [4].

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру; олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне - өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени-гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады [6,7].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Дүйсембин Қ.Д., Алиакбарова З.М. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы (оқулық) - Алматы: Дәуір, 2009 ж, 21-25 б.

2. Матюшонок М.Т., Турик Г.Г, Крюкова А.А. Балалар мен жасөспірімдер физиологиясы және гигиенасы Алматы: Мектеп, 2010 ж, 10 б.

3. Ермакова С.А. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы (оқу құралы) Қарағанды: Ақ-Нұр, 2014ж, 11-13 б.

4. Бейсембаева З.И. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы пәнінен тәжірибелік сабаққа арналған оқулық Қарағанды: Ақ-Нұр, 2014ж, 18 б.

5. Ордабекова С.О., Абдраков Б.Қ., Ахауова Г.Қ. Жас ерекшелік анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы Қарағанды: Ақ-Нұр, 2012 ж, 20-22 б.

6. Гигиена детей и подростков учебное пособие/ под ред. проф. В.Р.Кучмы. - М: ГЭОТАР-Медиа, 2010,36-39 б.

7. В.Н. Кардашенко, Е.П. Стромская. Гигиена детей и подростков: - Москва: Медицина, 2009 г. - 88-89б.

8. Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы (Оқулық).- Алматы 2010. - 76 б.

9. М.В. Антропова. Гигиена детей и подростков. Изд.5-ое: - М: Медицина, 2012г. - 21-23б.